

Қазақстан Республикасының түсті металлургиясын дамыту мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 4 сәуірдегі N 482

Жезқазған облысындағы Балқаш аймағының түсті металлургия кәсіпорындары жұмысының экологиялық қауіпсіздігін тұрақтандыру және оған жағдай жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі:

"Samsung Deutshland GmbH" фирмасының басқарушысымен бірлесіп ластаушы заттардың қоршаған табиғи ортаға тастауларын кәдеге жарату жөніндегі объектілер кешенінің құрылысын салуды көздейтін Балқаш таукен-металлургия комбинаты қызметінің экологиялық бағдарламасын әзірлесін және оны бекітсін;

табиғат қорғау объектілерін салу кезеңіне арнап онда комбинаттың өндірістік қызметінің нәтижесінде пайда болған ластаушы заттарды шығарып тастағаны, тастағаны және сақтағаны үшін төлемдердің мөлшерлерін көздеп арнаулы табиғат қорғау ережелерінде шарт әзірлесін және заңдарда белгіленген тәртіппен Балқаш таукен-металлургия комбинатымен шарт жасассын.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі:

белгіленген тәртіппен Балқаш таукен-металлургия комбинатының көлік құралдарын өз минералдық шикізаттарын тасымалдау үшін республиканың темір жол жолдарында пайдалануға рұқсат етсін;

"Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына комбинат үшін қажетті рудаларды тасымалдауды ұйымдастыру жөнінде Балқаш таукен-металлургия комбинатымен бірлескен қызмет туралы шарттар әзірлеуді тапсырсын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.Т.Дүйсеновке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі